


ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!



5 маусым – дүниежүзілік экологтар күні. Осы күнге орай, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-де қоршаган ортаны қорғау күніне арналған конкурс өтті. Онлайн үйімдастырылған конкурсқа компания қызметкерлерінің 7-14 жас аралығындағы балалары қатысты.

Іс-шараның мақсаты – балалардың бойына экологиялық мәдениетті сіңіріп, табиғатты сақтау, қоршаган ортага жана шырлықты қалыптастыру. Себебі, соңғы уақытта экологиялық мәселелер бүкіл әлем бойынша өзекті болып тұр. Онлайн өткен конкурсқа барлығы 158 бала қатысты. Олардың ішіндегі ең белсенді деген 33 жеткіншек жүлдегер деп танылып, жүлдедер мен ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Жеңімпаздар 7-10 және 11-14 жас аралығындағы екі топ бойынша анықталып, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС басшылығы оларды салтанатты жиында марапаттады.

Конкурсқа біздің қызметкерлердің балалары қатысты. Біздің көсіпорында қоршаган ортаны қорғау, жалпы экология талаптары өте қатан сақталады. Балалар – біздің болашағымыз, олар өскенде біздің зауытта жүмыс істейді деп сенемін. Соңдық-



тан, қоршаган ортаны қорғау мәсесін осы бастан біліп жүргендегі жақсы, – деді «ПҚОП» ЖШС өндіріс және стратегиялық жоспарлау бойынша вице-президенті Цзэн Сюйдун.

Конкурс жүлдегерлерінің арасынан табиғатты қорғау – адамзаттың міндеті деп санап, сол тақырыпта сурет салған Мерей Әбдіқадір, Лиза Путковалардың туындысын қазылар алқасы жоғары бағалаған.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-де экология мәселеесіне баса нараз аударылады. Қала маңында орналасқан зауытта қоршаган ортаны қорғау және сақтаудың барлық шаралары жүзеге асырылады, мұнда соңғы технологиялар іске қосылған. Алдағы уақытта балаларға арналған мұндай конкурс тұрақты түрде өткізіледі, – дейді «ПҚОП» ЖШС департамент директоры Нұрлан Досымбеков.

А.СӘДУӘЛІ

Шымкөніг Қелбеті №46 11.06.2021

Газет «Шымкентақараторталығы» ЖШС редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттеді.

Газете жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сәрсенбі, жұма күндері шығады.

Таралым - 6405
Тапсырыс: 1487

Кезекші редактор - Азамат ЖАППАР

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауп береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов көшесі, 22 мекенжайдағы
«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Редакция
160019, Шы
«Қарасу»
Индекс: 65

Қабылдау
Тел./факс:
Тілшілер:
Жарнама:

E-mail:
shymkent...